

## Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 408 қаулысы "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 39) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19123 болып тіркелді) Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte осы қаулының деректемелерін ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына жолдасын және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

F. Нұрмұхамбетов

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің

2024 жылғы "09" желтоқсандағы  
№ 408 қаулысына  
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының 39) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бұйрығына сәйкес әзірленді және әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қоры – СҚО аумағында аграрлық азық-тұлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-тұлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған азық-тұлік тауарларының жедел қоры;

2) азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту – азық-тұлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды өткізу немесе жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылдың жаңа егінінен дәл сондай көлемдегі азық-тұлік тауарларын кейін жеткізе отырып, азық-тұлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды қайтару;

3) азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру – сатып алу интервенциялары, азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына азық-тұлік тауарларын орналастыру және сақтау;

4) азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалану – тауар интервенцияларын жүргізу және азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту мақсатында азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-тұлік тауарларын өткізу;

5) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі – ауылшартауарынөндіруші) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысадын жеке немесе заңды тұлға;

6) сатып алу интервенциялары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында бағалар төмендеген кезде, Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары шенберінде мамандандырылған ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларын сатып алуы жөніндегі іс-шаралар;

7) тауар интервенциялары – бағалар өскен кезде ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылатын, азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларынан ішкі нарықта азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар;

8) тіркелген баға - өндіруге/сатып алуға, сақтауға, табиғи кемуге (кебуге), межелі орынға дейін жеткізуге кеткен шығындарды, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнынан маржалық табысты ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы;

9) форвард – сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттармен базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгілі бір мерзімі өткеннен кейін өзіне міндеттеме алатын туынды қаржы құралы;

10) шекті сауда үстемесі – ішкі сауда субъектілерінің түпкілікті тұтынушыларға азық-түлік тауарларын өткізуі кезінде бағаны айқындау үшін қалыптастырылатын сауда үстемесі.

3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес іске асырылады.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақтылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.

5. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Комиссияның төрағасы болып табылады, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Комиссия мүшелері болып табылады. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

6. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Бұл ретте Комиссия мүшелерінің үштен екісі жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

7. Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

2) азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану тетігін іске асыру мақсатында азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін анықтау;

3) әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес қарыз беруге көсіпкерлік субъектісін анықтау;

4) әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына шекті сауда үстемесін анықтау бойынша мамандандырылған ұйымдардың ұсыныстарын қарастыру.

8. Комиссияның жұмысын құруды және ұйымдастыруды "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің көсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Көсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы) қамтамасыз етеді.

9. Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін Көсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарт жасасу жолымен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі үш жылдық кезеңге Көсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы мамандандырылған ұйыммен тұрақтандыру қорының заттай және ақшалай мәндегі өтпелі активтері туралы міндеттемелері көрсетілген қосымша келісім жасасады.

Тұрақтандыру қоры таратылған жағдайда, мамандандырылған ұйым азық-тұлік тауарларын сатып алу үшін пайдаланылған бюджет қаржатының жергілікті бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Егер, мамандандырылған ұйымның шешімі бойынша азық-тұлік тауарларын өткізу сатып алу бағасынан төмен баға бойынша жүзеге асырылса, онда соманың қайтарылуы сатып алу және өткізу бағаларының айырмасын шегере отырып жүзеге асырылады.

11. Мамандандырылған ұйымның тұрақтандыру қорын пайдалану кезінде туындаған үстеме, коммуналдық және басқа да шығыстары жыл сайын азық-тұлік тауарларының белгіленген және нарықтық бағалары арасындағы айырма есебінен жабылады.

12. Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың (бұдан әрі – мамандандырылған ұйым) тізбесін Заңның 6-бабы 1-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес агроенеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

13. Мамандандырылған ұйымдар Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына электрондық құжат айналымы, пошта байланысы арқылы не облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының кеңессі арқылы қолма-қол осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпаратты ұсынады.

Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы және сауда және интеграция министрліктеріне электрондық құжат айналымы арқылы осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынады.

## **2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бойынша тетіктерді іске асыру тәртібі**

14. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың:

- 1) тұрақтандыру қорларының қызметі;
- 2) кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асырады.

15. Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы бөлетін, оның ішінде бұдан бұрын азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға бөлінген ақшалай қаражат әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қаржыландыру көзі болып табылады.

16. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру шенберінде көкөніс өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, сондай-ақ қарақұмық жармасын (дәні), тазартылған (домалақ дәнді) күрішті, күнбағыс майын, бірінші сортты бидай ұнын және ақ қантты – құмшекерді өндіру үшін қайта өндеуші кәсіпорындарды қаржыландыру форвардтық шарттың жалпы сомасының 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын мөлшерде алдын ала төлем және өнім жеткізілгеннен кейін түпкілікті есеп айырысу шарттарында жүзеге асырылады.

Көкөніс өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және қарақұмық жармасын (дәні), тазартылған (домалақ дәнді) күрішті, күнбағыс майын, бірінші сортты бидай ұнын және ақ қантты – құмшекерді өндіру үшін өндеуші кәсіпорындарын қаржыландыру форвардтық шарттың жалпы сомасының 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын мөлшерде алдын ала төлем және өнім жеткізілгеннен кейін түпкілікті есеп айырысу шарттарында жүзеге асырылады.

17. Форвардтық шарттар шенберінде сатып алынатын көкөніс өнімінің көлемі Комиссия шешіміне сәйкес өнірлік сұраныс негізінде облыс (қалалық немесе жалпы),

респубикалық маңызы бар қала, астана халқының үш айлық қажеттілігінің 50 пайызына дейін қалыптастырылады.

18. Мамандандырылған ұйым ауылшартауарынөндірушілерді форвардтық шарттар шенберінде:

2023 жылғы 10 қаңтарға дейін 2023 жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты қекөніс өнімдерін өндіру және 2023 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты қекөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 ақпанға дейін 2023 жылғы күзгі түсімнің қекөніс өнімдерін өндіру және 2024 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты қекөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 тамызға дейін 2024 жылдың күзгі түсімнің қекөніс өнімдерін өндіру және 2024 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты қекөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін 2024 жылғы күзгі түсімнің қекөніс өнімдерін өндіру және 2025 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты қекөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін қаржыландыруды жүзеге асырады.

2024 жылдан бастап және одан кейінгі жылдары ауылшартауарынөндірушілерді қекөніс өнімдерін өндіру үшін қаржыландыру мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады :

осы қаржы жылдының 1 тамызына дейін келесі жылдың қысқы-көктемгі-жазғы кезеңінде халықты қекөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

осы қаржы жылдының 1 қыркүйегіне дейін келесі жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты өніммен қамтамасыз ету үшін.

19. Мамандандырылған ұйым қекөніс өнімдерін сатуды бастағанға дейін ауылшартауарынөндірушілерде немесе басқа қоймаларда сактауды жүзеге асырады. Сактау шығындарын есептеу жергілікті атқарушы органдардың өнірдегі сактаудың үқсас түрлеріндегі сактаудың орташа құны туралы деректері негізінде жүргізіледі.

20. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шенберінде қекөніс өнімдерін жеткізу мамандандырылған ұйым Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасымен бірлесіп маусымаралық кезеңде (қысқы-көктемгі кезең: ақпан, наурыз, сәуір; қысқы-көктемгі-жазғы кезең: мамыр, маусым, шілде) қалыптастыратын график негізінде не ішкі нарықа реттеуешілік әсер ету қажет болған жағдайда басқа кезеңдерде жүзеге асырылады.

21. Мамандандырылған ұйымдар облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп форвардтық шарт жасалған сэттен бастап қекөніс өнімдерін өндіру циклінің барлық кезеңдерінде егістікке бара отырып, ауылшартауарынөндірушілердің қызметіне мониторингті жүзеге асырады.

22. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері шенберінде сатып алынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 және 19-баптарына сәйкес сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

23. Осы Қағидаларда регламенттелмеген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың ерекшеліктері (егжей-тегжейі) Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағиадаларымен айқындалады.

### **3-тaraу. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорлары қызметінің тәртібі**

24. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметі өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

25. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өнірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс аландары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін, сондай-ақ шекті сауда үстемесін айқындейды.

26. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру кезінде бюджеттік қаражаттың 70 (жетпіс) пайызы форвардтық шарттар шенберінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өндеу кәсіпорындарына бағытталады.

27. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32474 болып тіркелді) бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізбесінен қалыптастырылады.

28. Мамандандырылған ұйым өткіzetін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңы 19-бабының 1-тармағына сәйкес, Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес тиісті облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының ресми нарықтық мәндерінен 10 немесе одан да көп пайызға төмен бағаларды ұстап тұру ескеріле отырып қалыптастырылады.

29. Комиссия Солтүстік Қазақстан облысының әкіміне сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін бекіту туралы ұсынымдар енгізеді.

30. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Комиссияның ұсынымдары негізінде сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және шекті сауда үстемесін бекітеді.

31. Өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу тікелей өндірушілерден, оның ішінде форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар жасасу арқылы жүзеге асырылады. Егер өндіруші өнімді өткізуді тікелей жүзеге асырмаса, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу азық-түлік тауарларын өткізуге маманданған көтерме сауда жеткізушілерінен (дистрибутерлерден) жүзеге асырылады.

32. Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер және басқа да көздер негізінде өнірдің азық-түлік тауарларының ішкі нарығына және агроенеркәсіптік кешен өнімдерінің нарықтарына тұрақты негізде талдау (өндіріс көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың, бағалардың болуы) жүргізеді, өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының көлемін айқындайды және сатып алу интервенциялары туралы шешімді қабылдайды.

33. Мамандандырылған ұйымның сатып алу интервенциялары туралы шешімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін тиімді және уақтылы қолдануды қамтамасыз ету мақсатында қабылданады.

34. Өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалануды тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларын жаңарту жолымен мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

35. Мамандандырылған ұйым аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік ықпал ету қажет баға деңгейінің көтерілуі жағдайында, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, тауар интервенцияларын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

36. Мамандандырылған ұйым өнірлік тұрақтандыру қорын уақтылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етеді.

37. Өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылғы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырылады.

38. Өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын тауар интервенциялары, азық-түлік тауарларын жаңарту үшін мамандандырылған ұйымдар өздерінің өткізу нүктелері және (немесе) азық-түлік тауарларын өткізетін сауда объектілері, сондай-ақ шекті сауда ұстемесі шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін қайта өндеу кәсіпорындары арқылы жүзеге асырады.

39. Бұл ретте өндеу кәсіпорны өндірген дайын азық-түлік тауарының бағасы облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағасынан аспайды және мамандандырылған ұйымның өндеу кәсіпорнымен жасасқан өткізу туралы шартында айтылады.

40. Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы мамандандырылған ұйыммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халықтың назарына жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

#### **4-тaraу. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі**

41. Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында мамандандырылған ұйымдар арқылы кәсіпкерлік субъектілеріне сұраныс пен ұсыныстың өнірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс алаңдары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде Комиссия айқындайтын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасасу жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз ету және ақылық талаптарының шарттарымен жүзеге асырылады.

42. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз берілген кезде бюджет қаражатының 70 (жетпіс) проценті ауылшартауар өндірушілер мен қайта өндеу кәсіпорындарын қаржыландыруға жіберіледі.

43. Бағаларды тұрақтандыру мамандандырылған ұйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген төмендетілген бөлшек/көтерме сауда бағаларын белгілеуі жолымен қамтамасыз етіледі.

44. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін Комиссия айқындайды.

Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында мынадай бірыңғай талаптар (өлшемшарттар) белгіленеді:

1) занды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеудің болуы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектісінен алынған құжаттарды қарау күніне салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндettі зейнетақы журналары бойынша берешектің болмауы;

3) екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар берген кредиттер (қарыздар) бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы;

4) меншік құқығында немесе өзге де занды негізде (жалға алу/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) азық-түлік тауарларын тиісті сақтауға және азық-түлік тауарларымен сатып алу, дайындық, тарату операцияларын орындауға арналған қойма үй-жайлары мен арнайы жабдығы бар үй-жайлардан тұратын инфрақұрылымдық сауда-логистикалық кешеннің болуы;

5) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауы;

6) мамандандырылған ұйым алдында орындалмаған міндettемелердің, сондай-ақ атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндettемелердің, кәсіпкерлік субъектісінің мүлкіне шектеулер мен ауыртпалықтардың болмауы;

7) осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес міндettемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болуы.

45. Комиссия кәсіпкерлік субъектісін айқындағаннан кейін мамандандырылған ұйым кәсіпкерлік субъектісіне қарыз береді.

46. Кәсіпкерлік субъекті мамандандырылған ұйымның қарызын қайтару бойынша міндettемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндettемелердің орындалуы кепіл, банктік кепілдендіру, сақтандыру шарты, үшінші тұлғалардың кепілдік/кепілгерлігі түрінде қамтамасыз етіледі. Міндettемелердің орындалуын қамтамасыз ету заңнамада көзделген жазбаша нысанда ресімделеді.

47. Қарыз беру шарттары мамандандырылған ұйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалған қарыз шартында белгіленеді.

48. Қарыз шарттарында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында кәсіпкерлік субъектілерінің мамандандырылған ұйыммен келісу бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу графигін қалыптастыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын белгіленген бағамен толық көлемде өткізу; әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу фактісін растайтын құжаттарды ұсыну жөніндегі міндettемелері көзделеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген міндettемелерді орындау бөлігінде қарыз шарты талаптарының орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы қарыз шартын елеулі түрде бұзу деп танылады.

49. Қарыз мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыруға берілмейді.

50. Қарыз тек ұлттық валютада беріледі.

Әлеуметтік маңызы бар азық  
түлік тауарларына бағаларды  
тұрақтандыру тетіктерін  
іске асыру қағидаларына  
қосымша  
Нысан

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы және Сауда және интеграция министрліктеріне.

Әкімшілік деректер нысаны: [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат

Индекс: № 1 нысан – ӘМАТ

Жиілік: апта сайын

Есепті кезең: 20 жылғы

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдар (бұдан әрі – мамандандырылған ұйым), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

мамандандырылған ұйымдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына апта сайын сәрсенбі күндері;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы және сауда және интеграция министрліктеріне апта сайын бейсенбі күндері ұсынады.

№	Тауардың атауы	Сатылып алынған тауарлар					
		тікелей		форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар шенберінде		берілген	карыздар
1	2	3	4	5	6	7	8
		тонна	мың теңге	тонна	мың теңге	тонна	мың теңге

1.	Сиыр еті							
2.	Каракұмық жармасы							
3.	Орамжапыр ақ							
4.	Картоп							
5.	Айран							
6.	Басты пияз							
7.	Түтік кеспе							
8.	Құнбағыс майы							
9.	Сары май							
10.	Сұт							
11.	Асханалық сәбіз							
12.	Бидай ұны							
13.	Тауық еті							
14.	Күріш							
15.	Күмшекер							
16.	Тұз							
17.	Ірімшік							
18.	Нан							
19.	Тауық жұмыртқасы, мың дана							
20.	Жалпы қорытынды, тауық жұмыртқасы мен нанды қоспағанда							

### Кестенің жалғасы

Бар тауарлар									
тұрақтандыру корларындағы		форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар шенберінде		берілген қарыздар бойынша		Сатылған көлем		Қалдық	
тонна	м ың тенге	тонна	м ың тенге	тонна	м ың тенге	тонна	м ың тенге	тонна	м ың тенге
9		10		11		12		13	

"Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Атауы: \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почтасы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам:

(аты)

және әкесінің аты (бар болса), тегі (қолы)

Күні: 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_

Мөрдің орны

"Әлеуметтік маңызы бар  
азық-тұлік тауарларына бағаларды  
тұрақтандыру тетіктерін іске асыру  
барысы туралы ақпарат" әкімшілік  
деректерді жинауға арналған  
нысанға қосымша

**"Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру  
бойынша түсініктеме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындауды.

2. Нысанды әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдар (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары толтырады.

3. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысанды:

мамандандырылған ұйымдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына апта сайын сәрсенбі күндері;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы және сауда және интеграция министрліктеріне апта сайын бейсенбі күндері ұсынады;

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме**

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.
7. Нысанның 2-бағанында тауардың атауы көрсетіледі.
8. Нысанның 3-бағанында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден және қайта өндеу кәсіпорындарынан тікелей сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
9. Нысанның 4-бағанында азық-тұлік тауарларын сатуға мамандандырылған көтерме жеткізушілерден (дистрибьюторлардан) тікелей сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
10. Нысанның 5-бағанында форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар шенберінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден және қайта өндеу кәсіпорындарынан сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
11. Нысанның 6-бағанында форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар шенберінде азық-тұлік тауарларын сатуға мамандандырылған көтерме жеткізушілерден (дистрибьюторлардан) сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
12. Нысанның 7-бағанында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өндеу кәсіпорындарына берілген қарыздар бойынша сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
13. Нысанның 8-бағанында азық-түлік тауарларын өткізуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген қарыздар бойынша сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
14. Нысанның 9-бағанында тұрақтандыру қорларында бар тауарлардың саны, тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
15. Нысанның 10-бағанында форвардтық шарттар мен оффтейк-келісімшарттар шенберінде бар тауарлардың саны тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
16. Нысанның 11-бағанында берілген қарыздар бойынша қолда бар тауарлардың саны тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
17. Нысанның 12-бағанында сатылған көлемі, тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;
18. Нысанның 13-бағанында қалдық, тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі.